



2019 жылғы 4 маусым
№ 17-8/622 зп

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__ года
№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі

2019 жылғы 14 наурыздағы
№ 10-5-287 хатқа

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының түзетулеріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорытындысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына (бұдан әрі – заң жобасы) Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының түзетулерін қарап, мынаны хабарлайды.

Депутаттар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті лицензиялау, сондай-ақ осы нормаларды бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылықты белгілеу бөлігінде түзетулер енгізуді ұсынады.

Заң жобасының негізгі мақсаты басқару органдары қызметінің ашықтығын қамтамасыз ете отырып, олардың қызметін реттеу, тұрғын үйлерді ағымдағы және күрделі жөндеуге қаражат жинау тетіктерін регламенттеу, газбен жабдықтау объектілерін және қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету, тұрғын үй және тұрғын үй-құрылыс кооперативтерінің қызметін жетілдіру, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге кезектіліктің есебін автоматтандыру және түгендеу болып табылады.



Бланк сериялық нөмірісіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіптен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап кайттарарда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При отводе обязательно ссылаться на наш № и дату.

0012431*

Депутаттар ұсынған заң жобасына түзетулер Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына және қолданыстағы заңнамалық актілерге қайшы келмейді. Ұсынылған түзетулер реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізуді немесе жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдатуды жүзеге асыруды көздейтін нормаларды қабылдауды болжайды.

Депутаттардың заң жобасына ұсынылған түзетулері мемлекеттік бюджет шығындарының ұлғаюын болжамайды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары 2 түзетуге бастамашылық етті.

Салыстырмалы кестенің 1 және 2-позициялары бойынша

Депутаттар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті лицензиялау, сондай-ақ осы нормаларды бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылықты белгілеу бөлігінде толықтырулар енгізуді ұсынады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексті (бұдан әрі – ӘҚБтК) 464-1-баппен толықтыру ұсынылады.

Осылайша, жаңа баптың бірінші бөлігінде кәсіпкерлік қызметті лицензиясыз жүзеге асырғаны үшін әкімшілік жауаптылықты белгілеу ұсынылады.

Сонымен қатар, ӘҚБтК-нің 463-бабында кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысуға, сондай-ақ тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей іс-қимылдарды (операцияларды) жүзеге асыруға әкімшілік жауаптылық көзделген.

Бұған қоса, ӘҚБтК-нің ұсынылып отырған 464-1-бабының екінші және үшінші бөліктерінде металл сынықтары мен қалдықтарын құжаттарсыз қабылдау үшін, сондай-ақ металл сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу тәртібін бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылықты белгілеу ұсынылады.

Өз кезегінде салалық заңнама нормаларын бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық белгіленеді.

Осылайша, қолданыстағы заңнаманы талдау онда тиісті талаптардың болмауын көрсетеді, оларды бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылықты енгізу ұсынылады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес заңды тұлғалардың түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу бойынша қызметі бизнес субъектілерінің заңнамадағы бар талаптарға сәйкестігін көздейтін хабарлама тәртібінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте, оның сәйкестігін бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелген.

Қазіргі уақытта, қызметтің осы түрін толық қамту үшін индустрия және индустриялы-инновациялық даму саласындағы уәкілетті органға түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын реттеу, сондай-ақ жалпы қызметке қойылатын талаптарды қайта қарау бойынша құзыретті беру жөнінде мәселе пысықталуда.

Осыған байланысты, аталған түзетулер қолдау таппайды.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы қорытындысын ескере отырып, заң жобасын Қазақстан Республикасының Парламентінде одан әрі қарау мүмкін деп пайымдаймыз.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**



А. Мамин



201 __ ЖЫЛҒЫ _____

Астана, Үкімет Үйі

от « 4 » ИЮНЯ _____ 201 9 года

№ _____

№ 17-8/622 зп _____

Мажилис Парламента
Республики Казахстан

На № 10-5-287
от 14 марта 2019 года

**Заключение
Правительства Республики Казахстан на
поправки депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан
к проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и
дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по
вопросам жилищно-коммунального хозяйства»**


Правительство Республики Казахстан, рассмотрев поправки депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан к проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам жилищно-коммунального хозяйства» (далее – законопроект), сообщает следующее.

Депутатами предлагаются поправки в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях, Закон Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях» в части лицензирования деятельности по сбору (заготовке), хранению, переработке и реализации юридическими лицами лома и отходов цветных и черных металлов, а также установления административной ответственности за нарушение данных норм.

Основной целью законопроекта является урегулирование деятельности органов управления с обеспечением прозрачности их деятельности, регламентация механизмов сбора средств на текущий и капитальный ремонты жилых домов, обеспечение безопасной эксплуатации объектов газоснабжения и опасных технических устройств, совершенствование деятельности жилищных и жилищно-строительных кооперативов, автоматизация и инвентаризация учета очередности на жилище из государственного жилищного фонда.

Бланк сериялық нөміріз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПKE АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарарда міндетті түрде біздің № және күні қорсетілуді керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

0012430*



0012430*
ИПЦ Зак. № 310. 23.06.2014 г.

Предлагаемые депутатами поправки к законопроекту не противоречат нормам Конституции Республики Казахстан и действующим законодательным актам. Предлагаемые поправки предполагают принятия норм, предусматривающих введение регуляторного инструмента и связанных с ним требований или осуществление ужесточения регулирования в отношении субъектов частного предпринимательства.

Предлагаемые поправки депутатов к законопроекту не предполагают увеличение расходов государственного бюджета.

Депутатами Мажилиса Парламента Республики Казахстан инициированы 2 поправки.

По позициям 1 и 2 Сравнительной таблицы

Депутатами предлагается внести дополнения в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях, Закон Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях» в части лицензирования деятельности по сбору (заготовке), хранению, переработке и реализации юридическими лицами лома и отходов цветных и черных металлов, а также установления административной ответственности за нарушение данных норм.

Предлагается Кодекс об административных правонарушениях (*далее – КоАП*) дополнить новой статьей 464-1.

Так, частью первой новой статьи предлагается установить административную ответственность за осуществление предпринимательской деятельности без лицензии.

Вместе с тем, статьей 463 КоАП уже предусмотрена административная ответственность за занятие предпринимательской или иной деятельностью, а также осуществление действий (операций) без соответствующей регистрации, разрешения или направления уведомления.

Кроме того, частями второй и третьей предлагаемой статьи 464-1 КоАП предлагается установить административную ответственность за прием лома и отходов металлов без документов, а также за нарушение порядка сбора (заготовке), хранению, переработке и реализации лома и отходов металлов.

В свою очередь административная ответственность устанавливается за нарушение норм отраслевого законодательства.

Таким образом, анализ действующего законодательства показывает отсутствие в нем соответствующих требований, за нарушение которых предлагается ввести административную ответственность.

Согласно действующему законодательству Республики Казахстан деятельность по сбору (заготовке), хранению, переработке и реализации юридическими лицами лома и отходов цветных и черных металлов осуществляется в уведомительном порядке, который предусматривает соответствие субъектов бизнеса к существующим требованиям в законодательстве.

При этом, контроль его соответствия также урегулирован законодательством Республики Казахстан.

В настоящее время, для полного охвата данного вида деятельности прорабатывается вопрос по наделению компетенцией уполномоченного органа в сфере индустрии и индустриально-инновационного развития по регулированию лома и отходов черных и цветных металлов, а также по пересмотру требований к деятельности в целом.

В связи с этим, данные поправки **не поддерживаются**.

На основании изложенного, полагаем возможным дальнейшее рассмотрение законопроекта в Парламенте Республики Казахстан, с учетом настоящего заключения Правительства Республики Казахстан.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**



А. Мамин